

**"2016 жылға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсетуге арналған дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алуға шекті бағаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 18 желтоқсандағы № 973 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 2016 жылғы 10 тамыздағы № 712 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 9 қыркүйекте № 14224 болып тіркелді

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 76-бабы 2-тармағына сәйкес **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. 2016 жылға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсетуге арналған дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алуға шекті бағаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 18 желтоқсандағы № 973 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12622 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылы 30 желтоқсанда жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген қосымшада:

700, 701, 702, 703, 704-реттік нөмірлер мынадай мазмұндағы жолдармен **т о л ы қ т ы р ы л с ы н :**

" 700	Блеомицин	инъекция үшін ерітінді дайындауға арналған лиофилизацияланған ұ н т а қ 1 5 м г	құты	5015,28
701	Доксорубицин	инъекция үшін ерітінді дайындауға арналған лиофилизацияланған ұнтақ/ инфузия үшін ерітінді дайындауға арналған концентрат 10 мг	құты	1425,48
702	Карбоплатин	инфузия үшін ерітінді дайындауға арналған концентрат /инъекцияға арналған ерітінді 1 5 0 м г	құты	3987,98
703	Карбоплатин	инфузия үшін ерітінді дайындауға арналған концентрат /инъекцияға арналған ерітінді 4 5 0 м г	құты	13518,32
704	Месна	ампуладағы венаішілік енгізуге арналған ерітінді 400 мг	құты	1833,99

"

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің

Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік және орыс тілдеріндегі бір данада баспа және электрондық түрде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі А.В. Цойға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Денсаулық  
әлеуметтік  
міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасының  
сақтау және  
даму министрінің

Б. Нұрымбетов